



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №25 (87) 20 маусым 2025 жыл

Отбасылық құндылық

ӘКЕНІҢ СТАТУСЫ

Қонаев қаласының «Жастар» орталығында әкелер күніне арналған «Әке болу-ұлы міндет» тақырыбында «дөңгелек үстел» отырысы болып өтті.

Іс-шараға Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, қалалық аналар кеңесінің төрағасы Дәметкен Нүсіпбекова, Қазақстан халқы Ассамблеясы Қонаев қалалық ақсақалдар кеңесі филиалының төрағасы Бақытбек Мұхамедиұлы, қалалық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының үйлестірушісі Халипа Рахметова, қалалық ұйғыр этномәдени қоғамдық бірлестігінің төрайымы Рисалият Нуранова, қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Назым Чажайбаева, қалалық ардагерлер мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, бала тәрбиелеудегі оның рөлінің маңыздылығын арттыруға, бала үшін қауіпсіз ортаны құру және қолдау, отбасылық құндылықтарды сақтау және нығайтуға бағытталды.

«Дөңгелек үстелді» құттықтау сөзбен ашқан «Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Отбасын қолдау

орталығының» директорыМукарама Асамадинова облыс орталығындағы әкелердің қоғамдық жұмыстарға араласуын, әкенің рөлін көрсете отырып, игі істерімен көзге түскен әкелерді халыққа кеңінен насихаттау, сол кісілердің үлгі болар істерін көрсету керектігіне кеңінен тоқталып өтті.

Одан кейін сөз алған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Ажар Асқарқызы: «Әкеге қарап, бала өседі. Әкенің әрбір басқан қадамы, істеген тірлігі, сөйлеген сөзі-бала үшін тәрбие. Бала тәрбиесінде әрбір әкенің балаға деген ерекше махаббаты болуы керек. Оның білімді болып өсуіне барлық жағдай жасап, отансүйгіштікке тәрбиелеу-әкенің басты міндеті. Сонымен қатар үлкендерді сыйлауға, өзінен кішілерге құрмет көрсетуге баулу керек. Сонда ғана бала бақытты әрі тәрбиелі болып өседі», -деді өз сөзінде.

- Әрбір отбасындағы әке орнының зор екені кеңінен насихатталуы керек деп ойлаймын. Мәселен, отбасындағы әкенің қас-қабағына ұлы да, қызы да қарап жүрсе кемдік көрмейді. Өзіміз әке қабағына қарап тәрбие алдық. Біздің отбасында он бала болдық. Анамыздың «Әкеңе айтамын» деген бір ауыз сөзі қатал заң іспеттес болатын. Әкенің қабағын бағып өскендіктен жаман болған жоқпыз. Расында әке тәрбиесін көрген бала батыл болуымен қатар, тағдырдың соққысына сынбай, қиындыққа төзімді болып өседі. Сондықтан бала үшін білегі де бар, жүрегі де



бар әке тәрбиесінің орны орасан,-деді қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Бүркітбайұлы.

«Дөңгелек үстелге» қатысқан Қазақстан халқы Ассамблеясы Қонаев қалалық ақсақалдар кеңесі филиалының төрағасы Бақытбек Мұхамедиұлы және басқа да ардагерлер әкенің қоғамдағы орны, қадір-қасиеті, бала тәрбиелеудегі іс-әрекеті, жалпы отбасы құндылықтары туралы тұшымды, ой түйетін ақыл-кеңестерін ортаға салып, өмірде көрген тәжірибелерімен бөлісті.

Психологтардың пікірінше, әкелер бала тәрбиесіне қаншалықты көп қатысса, соншалықты жетістікке жету мүмкіндігі де, өзіне өзі көңіл толу деңгейі де артады екен. Әкенің статусы – отбасының статусы. Өйткені білімді, тәрбиелі, саналы әке балаларына тәрбие беруші функциясын қатар ала отырып, үлкен тұлғаға айналады.

Дөңгелек үстелді қорытындылаған «Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Отбасын қолдау орталығының» директоры Мукарама Асамадинова демешушілердің көмегімен мәдени орындарға барып демалып қайтуға «Үлгілі отбасы» деп танылған Сағатбек Бағаев, Алмат Жалмырзаев, Гүлназ Оспанова, Гүлзира Садрадинова, Марина Ракишбайға сертификаттар табыс етті.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.



1941 жылы 22 маусым күні Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасап, Отан соғысы басталды. Халқымыздың жүздеген, мыңдаған боздақтары қолына қару алып, алапат қантөгіс соғысқа аттанды. Солардың ішінде 18 жасар Сағадат Нұрмағамбетов те бар еді...

Биыл 22 мамырда сұрапыл соғыстың басталғанына 84 жыл толды. Осы дата-ның қарсаңында газет оқырмандарына сол соғыста көрсеткен ерліктері үшін Кеңес Одағының батыры атанған, кейіннен тәуелсіз еліміздің тұңғыш Қорғаныс Министрі ретінде Қазақстан Қарулы күштерін құруға ерен еңбегін, күш-жігерін жұмсап, Халық Қаһарманы атанған армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов жөнінде ой бөліскім келді.

Сағадат Қожахметұлы автобиографиялық «Жауынгер жолы» кітабында «Ақмола облысының Алексеевка ауданы Қосым ауылында 1924 жылдың мамырында, қазақтың ескі жыл санауы бойынша сиыр жылы дүниеге келіп-пін» деп жазады. Менің туған ауылым-айна-ла қоршаған қарағайлы ну орман, шоғырлана өскен қайындар, ауыл сырты сары дала. Көлде көктемде құстар шулап жатса, қыста айнала қар басып, жол қатынасы қиындайтын. Жері құнарлы, қара топырақта өспейтін өсімдігі жоқ. Сондай керемет жерде туылсам да, Алла тағала әке тәрбиесін көруді менің маңдайыма жазбапты. Әкем өмірден өтерінде шешем Айсаға «Ұл босансаң да, қыз босансаң да атын Сағадат қой. Сағадат деген араб тілінен аударғанда тыныштық, бейбітшілік деген мағына береді. Ажалдың алары мен ғана болайын. Менен кейінгі өмірлерінде тек бейбітшілік болсын. Сағит пен Сағадат аман болса, мені тірі сана...!» деп кетіпті. Осылайша, тағдыр тауқыметін ерте жастан тартып өскен Сағадат, ағасы Сағит пен жеңгесі Күлтайдың тәрбиесінде болады.

Елді аштық жайлаған 1933 жылы аудан орталығындағы орыс мектебіне қабылданады. Аты қазақша болғанымен түрлі ұлт өкілдері тұратын Қосым ауылында өскен Сағадатқа орысша оқу қиындық тудырмады. Сабаққа



ынтасы зор, мұғалімдердің ерекше ықыласына бөленіп, сыныптас орыс балаларынан озып, екі сыныпты бір жылда аяқтай жүріп, мектепті үздіктер қатарында бітіреді. Сабақтан қолы босаған кезде ағасы Сағитқа жазда шөп шабуға, қыста отын дайындауға көмектесетін. Арасында жеңгесінің де үй шаруашылығындағы жұмыстары бар. Мектеп бітірісімен колхоздың жұмысына араласты, дала қосында есепші болып орналасады. Бір күні колхоз басшысы Г. Луценко еңбеккөр жігіттің болашағы бар екенін сезді ме, облыс орталығы Ақмоладағы саяси ағарту қызметкерлерінің арнайы курсына жібереді. Сол жерде соғыс басталғанын естіп, курс таратылуына байланысты ауылына келсе, ағасы Сағитқа әскерге шақырту қағазы келгенін естиді. Ағасы 18 жасар Сағадатқа екі жас баласын табыстап, соғысқа аттанып кете барды. Арада бір жылдай уақыт өткенде жаманат хабары жетіп, жеңгесі қара жамылып қалады. Ағасының қазасына қатты қайғырған Сағадат фашистерден кек алу үшін, өзін соғысқа жіберуді қайта-қайта сұранып жүріп, 1942 жылы Түркменстанның Кушка қаласында ұйымдастырылған Бірінші түркістан-

дық әскери училищеге жолдама алады. 1943 жылы 26-сәуірде әскери училишені жеделде-те бітірген лейтенант Сағадат Нұрмағамбетов маусым айында Солтүстік Кавказ майданының 157-атқыштар бригадасының құрамын-ды станокты пулеметшілер взводының ко-мандирі есебінде ұрысқа кіреді.

Даңқты генерал Сағадат Қожахметұлы-ның біздің тарихымызда Ұлы Отан соғысы атанған екінші дүниежүзілік соғыстағы өмір мен өлім арпалысқан, қан кешкен күндері мен түндері, жанкиярлық ерліктері жоғарыда айтылған «Жауынгер жолы» мен орыс тілінде жарық көрген «Мой передний край», «А в памяти нет тишины» кітаптарында толығымен баяндалады. Баспасөз беттерінде де аз айтылып жүрген жоқ. Сол себепті, көзі ашық оқырман өзі оқып алар деп, қайталамауды жөн көрдім.

1945 жылы ақпан айында Польшаны азат етудегі көп ұрыстардың бірінде капитан С. Нұрмағамбетов басқарған батальон Пилица өзенінен бірінші болып өтіп, жау шебін басып алып, дивизияның қалған полктерінің өзеннен өтуін қамтамасыз еткені үшін, және де одан бұрынғы алғы шептегі қиян-кескі ұрыстардағы ұйымдастырушылық қабілеті, ержүректілігі, жауынгерлік табыстары үшін жиырма ғана жастағы ағамызға Кеңес Одағы-ның батыры атағы беріледі. Кеудесіне Ленин ордені мен Алтын жұлдыз медалі тағылады.

Тағы бір қызығы, Сағадат Қожахметұлы екінші рет Бағыр атағына ұсынылады. Соғыстың соңына қарай жауды өз ұясында талқандаймыз деп толассыз шабуылдап бара жатқандардың ішінде майор С. Нұрмағамбетовтың батальоны ерекше батылдық пен ерліктің үлгісін көрсетеді. 14-сәуірде Гузов қаласы үшін шайқаста 200-дей жау әскері мен 8 тірек пунктін жойып, 69-ын тұтқынға алады. 23-сәуірде бірінші болып Трептов қалашығының маңында Шпрее өзенінен өтерде жаудың қарымта шабуылдарын ойдағыдай тойтарып, 145 солдаттан тұтқынға алып, қарсыласқан 80-нен астамын жойып жібереді. Соның арқасында Трептов қаласын біздің әскерлердің түгелдей басып алуына қолайлы жағдай жасалды.

(Жалғасы 2-бетте)

Апта жаңалықтары

Ел болашағы - жастардың қолында

Алатау қаласы Қалалық ардагерлер ұйымы мен « Асыл ана» қоғамдық бірлестігі» және «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі қалалық филиалының ұйымдастыруымен таяуда № 4 орта мектепте « Ел келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Жастармен жұмыс бойынша тәжірибе алмасу, көтерілген мәселені талқылау, пікір алмасуды мақсат тұтқан осы шараға қоғамдық кеңестің мүшелері, ұлағатты ұстаздар,әр ұлт өкілдерінің жастары шақырылды.

Дөңгелек үстел басындағы әңгіменің алғашқы сөзі Алатау қаласы әкімінің орынбасары Гүлбәну Несіпбаеваға берілді. Гүлбану Сейіткенқызы жиналған қауымды құттықтап, жастарға сенім білдіретінін атап өтті. Бұдан соң Алатау қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Ардагер Ақжігітов, полиция бөлімінің басшысы Нұрлан Сайдалин негізгі мәселе бойынша баяндама жасады. Осы тақырып аясында ұстаздар, ардагерлер, жастар өзара еркін пікір алмастырып, ой таластырды.

Пікірталас кезінде Алатау қаласының «Мир женшин» ұйымының төрайымы Патима Ушурова, Дәулет ықшам ауданының құрметті азаматшасы Бақыт Арқабаева, Жаңа Арна ықшам ауданы «Асыл ана» қоғамының төрайымы Галина Игибаева, Құйған ауылының «Ардагерлер» кеңесінің төрағасы Сәбит Панжазов өз ойларын ортаға салып, әр ұлт өкілдерінің жастарына ақыл кеңес беріп, ізгі ниеттерін білдірді.

Іс-шараның соңында жастар елдің болашағы үшін аянбай еңбек етіп, болашақ үшін күресетіндерін айтып,ант берді.

Өз тілшімізден.

Карасай ауданы
Бүгін «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында ауылымыздың ақсақалдары мен әжелері және жас ұстаздардың қатысуымен «Ел келешегі-тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шара барысында ауыл ардагерлері жас ұстаздар мен жастарға өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, ақыл-кеңестерін берді. Тақырып аясында жастар өз пікірлерін білдіріп, көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, ашық пікірталас жүргізді.

Іс-шараны ауыл ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қанат Қатубасев пен жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушы Гүлжанат Исатаева ұйымдастырып, ардагерлер мен жастардың басын қосты.

Кездесу соңында ауыл ақсақалы Нұржан ата жастарға ақ батасын беріп, жастар өз кезегінде ардагерлерге алғыстарын білдірді.

Өз тілшімізден.

Ұйғыр ауданы
Таяу күндері Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы ауылында «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Ұйғыр аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Ел келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Шара аудандық ардагерлер ұйымы орналасқан ғимаратта бастауыш ардагерлер ұйымдарының, сол сияқты «Асыл ана», «Алатау жастары» ұйымдарының төрағалары және белсенді ардагерлер мен жастардың қатысуымен өтті. Шараның алғашқы сөзін аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейитов алып, шараға қатысушыларды ұйымдастырылып отырған дөңгелек үстелде айтылатын әңгіме негізінен жастар туралы, олардың тәрбиелігі, білімділігі, ұлтжандылығы, сол мінездерінің арқасында еліміздің дамуына үлестерін қосуы, қандай мәселелерге баса назар аударулары қажет екені төңірегінде өрбісе деген тілегін жеткізді.

Шара барысында алғашқы сөзді ауданымыздың Құрметті азаматы, «Ы Алтынсарин» белгісінің иегері, ардагер ұстаз М.Құдайбергенов алып, жастарды өз өмір жолымен таныстырып өтіп, жастарды адал еңбек етуге, өздеріне сенімді болып, қиындықтардан мойымай еліміздің өркендеуіне жұмыс жасандар, үлкендерді құрметтеп, ақылдарын тыңдай отырып қажеттеріне жаратындар деген тілегін айтты. Ардагер-ұстаздар А.Иминова, Р. Сартолова, С.Ермухаметова, Үлкен Ақсу ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының алқа мүшесі М.Таировтар өз сөздерінде ауданымызда білімді, тәрбиелі жастардың жетерлік екенін, оларды ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, өткен тарихымызды білуге, шынайы еңбек етіп имандылыққа, инабаттылыққа шақырса, «Жастар ресурстық орталығының» маманы Ш.Сайдалимов үлкендердің жастарға айтылған жақсы тілектеріне рахмет айта отырып, жастардың әрқашан да үлкендердің ақыл-кеңестеріне мұқтаж екенін, жұмыстарын адал атқаруға, белсенді болуға атсалысатындарын айтты. Аудандық «Асыл ана» қоғамдық ұйымының төрайымы Н.Байсеркеева жастардың үлкен күш екенін, тек сол бойларындағы қуатты ауданымыздың, еліміздің дамуына жұмсайтынына сенетінін атап өтті. Шара соңында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейитов мамыр айында әскери-патриоттық әндерден өткен аудандық жарыста белсенділік танытқан Үлкен Ақсу ауылдық округінің ардагері М.Таировқа аудандық ардагерлер ұйымының «Алғыс хатын» табыстады.

Өз тілшімізден.

Заместитель председателя совета ветеранов Талгарского района, почетный гражданин района, а также почетный ветеран Алматинской области Куляш Алимовна Оразалиева рассказала, что совсем недавно, каких -то 5 лет назад, она розыскала точное место захоронения родного дяди, участника Великой Отечественной войны. И помог ей в поиске ее земляк, сторожил Талгара, директор местной компании «МИГ» Михаил Иванович Чумин, коему выражает большую благодарность.

ПОГИБЬ НА ПОДСТУПАХ К СМОЛЕНСКУ



На снимке справа родители Куляш Алимовны: мама - Бубихан и за её спиной папа - Алим Оразалиев (офицер, участник ВОВ, освободил и восстанавливал Берлин). Фото с друзьями (1946-1947гг.).

По сайту поиска ветеранов ВОВ забили фамилию Агибаева где всплыла информация, где именно он воевал и погиб. То что было известно раньше: Агибаев ушел на фронт и погиб под Смоленском. Но где именно, при каких обстоятельствах? Письма дяди с фронта маме, супруге, последнее послание его друзей по оружию, доставшиеся Куляш Алимовне по наследству, а также запросы в архив министерства обороны РФ, дали ей нити поиска.

Как говорилось выше, покоится Агибаев в Смоленской области, Российской Федерации. Талгарцы вышли на местные органы власти и военные комиссариаты области и города. Вот что ответил на запрос Оразалиевой военный комиссар Демидовского района А. Чернышов: «На Ваше заявление в отношении розыска места захоронения заместителя командира батареи, 57-го отдельного артиллерийского дивизиона 39-го отдельного стрелкового батальона, Агибаева Токтарбая Агибаевича, 1919 года рождения, уроженца города Талгар, Алма-Атинской области Казахской ССР, погибшего 16.02. 1942 года в бою за город Демидов Смоленской области могу сообщить следующее: в 50-60 годы прошлого столетия проводились перезахоронения (укрупнения) воинских захоронений, т.е. из малых могил останки воинов перенесли в крупные, которые в последствии паспортизировались и были поставлены на учет МО РФ. На основании предоставленных Вами архивных документов имя Агибаева Токтарбая Агибаевича увековечено в дополнительных списках Памятного альбома братского захоронения № 2 в г. Демидов.»

Куляш Алимовна как единственная, кто остался живой из родичей, готова бы поехать, посетить могилу дяди, привести туда горсть талгарской земли и прихватить в Казахстан смоленский чернозем, да вот возраст у нее (8-й десяток), увы, немалый. А еще тревожные события, связанные с войной на Украине, пугают. Хотя администрация г Демидова заверила, что будут ждать внучку лейтенанта Агибаева, как освободителя их города, в любое время.



На снимке из архива Куляш Оразалиевой: дядя Токтарбай Агибаев, (крайний справа) с однополчанами.

На снимке в первом ряду (слева на право) мама Токтарбая и бабушка Куляш Алимовны - Мортай; (вверху справа) супруга Токтарбая - Бубитай. В кругу родственников.

Токтарбай до войны учился в Талгарском сельскохозяйственном техникуме на факультете защиты растений и согласно архивной справки, в 1939 году будучи студентом 4 курса, проходил практику в Актюбинской области. О чем у родственников сохранилась справка. Кстати, никакой информации о выпускнике Талгарского сельхозтехникума Агибаева Токтарбая, именно как участнике Великой Отечественной войны, к сожалению, нет. Хотя, это история учебного заведения и элемент патриотического воспитания молодежи. Этот пробел, конечно, надо устранять.

До войны, по настоянию мамы, Токтарбай женился на однокласснице Бубитай и у него осталось трое сыновей, которые, к сожалению, долго не прожили .

О том, что Агибаев был образцовым воином, офицером рассказала военная газета, вырезки из которой сохранились в семейном архиве.

Вот одна из заметок: «Большинство бойцов и младших командиров в нашем подразделении – коммунисты и комсомольцы. Они в большинстве являются отличниками боевой и политической подготовки, показывают образцы соблюдения советской воинской дисциплины, добросовестно берегут вверенное им оружие, заботятся о коне. И не случайно подразделение получило высокие оценки на инспекторской проверке. Так, например, по политической, огневой подготовке получили только отличные и хорошие оценки. Лучшие бойцы подразделения г.г. Агибаев, Левин, Ильиных, Джумагалиев оказали большую помощь в учебе отстающим. В наступившем периоде обучения мы будем еще лучше учиться с тем, чтобы отстоять честь своего подразделения.»

Это было время подготовки перед отправкой на передовую. - Как рассказала Куляш Алимовна, - ускоренные курсы проходили прямо в Алма-Ате. 39 отдельная стрелковая бригада была сформирована из курсантов военных училищ



Алматы, Ташкента и Фрунзе, в их числе, получается, был и Агибаев. Так как судя по сохранившимся архивным справкам на фронт он уже попал в качестве кадрового офицера-младшего лейтенанта.

Тем временем немецкие войска рвались к Москве, до которой оставалось меньше 500 км. До крупного города Смоленск по прямой меньше 70 км, а город Демидов был уже захвачен немецкими войсками.

Войска Северо - Западного фронта Красной Армии, в состав которой вошла 39-я отдельная стрелковая бригада, вошли в состав войск Московской зоны обороны. Ей ставилась задача освободить город Демидов, не дать врагу прорваться к Москве. Зимой 1942 года 4 армией РККА командовал генерал- майор Петр Ляпин. Весной 1942 года 39-я ОСБ была перестроена в 88-ю стрелковую дивизию.

А вот строки из последнего письма с фронта жене Токтарбая от старшины 3 батареи Ковальчук: «Здравствуйте мадам Агибаева. Ваш муж Токтарбай погиб в Отечественной войне от рук проклятых гадов 16.02. 1942 года. Мы его похоронили на кладбище, сделали гроб, выкопали могилу. Все бойцы и командиры его поцеловали, простились, а сами поехали дальше, на фронт. И мы дали слово за нашего боевого и любимого командира уничтожить сотни гадов.»

Вот такая история нашего земляка, зам. командира батареи Токтарбая Агибаева, погибшего при освобождении г. Демидов, преданный товарищами по оружию земле и, после войны, перезахороненный в общей братской могиле. Хочется верить, что его родичи навесят это место, прочтут молитву и привезут оттуда горсть земли в его родной Талгар.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Талгар



АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

25-сәуірде Берлин үшін болған көше шайқастарының бірінде 1560 жау әскерлерін қоршап алып, тұтқындап, 9 тірек пунктын, 45 солдат, офицерлерін жойып жібереді. Осындай ерліктері үшін 1052 атқыштар полкінің командирі Кеңес Одағының батыры подполковник А.И.Пешков пен 301-атқыштар дивизиясының командирі полковник В.С.Антонов батальон командирі С.Қ.Нұрмағамбетов екінші мәрте Батыр атануға лайықты деп ұсынылғанмен жоғарыдағылар қолдамаған көрінеді. 1994 жылы 23-мамырда еліміздің Халық қаһарманы атағымен марапатталды.

Соғыстың аяқталғанын Сағадат ағамыз 2-мамыр күні естіпті. Соғыстан кейін, әскери мамандықты тандап,1949 жылы М.Фрунзе атындағы әскери академияны бітіріп, Ташкенттегі Түркістан әскери округына қызметке жіберіледі. Полк командирі, дивизия штабының бастығы лауазымдарына көтеріледі. 1961 жылы Қазақстан Үкіметінің сұранысымен Қазақ КСР-ның Азаматтық қорғаныс штабының бастығы болып тағайындалады. 1969 жылы Алматыда Орта Азия әскери округы құрылып, генерал-лейтенант С.Қ. Нұрмағамбетов қолбасшының орынбасары болып, қайтадан әскери қызметке оралады. 1981-84 жылдары Венгриядағы Оңтүстік әскерлер тобының бірінші орынбасары лауазымында абыроймен қызмет атқарып, Орта Азия әскери округына қайта оралады. 1985 жылы 9-Мамырда Москвада өткен Жеңіс шеруіне қатысады.

Естеріңізде болар, 1991 жылы дүние жүзінде екінші империя саналған Кеңес үкіметі ыдырап, ата-бабамыз аңсаған Тәуелсіздік Туы көтерілді. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін мемлекет болып қалыптасу керек десек, сыртқы қауіптерден қорғану үшін Қарулы күштері болуы керек екені белгілі. Сол мақсатта 25-қазанда Мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылып, төрағасы болып тәжірибесі мол, майдангер генерал С. Қ. Нұрмағамбетов тағайындалады.

Келесі жылы 1992 жылы 7-мамырда Қорғаныс комитеті Ел Президентінің Жарлығымен Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылып, Қазақстан армиясын құру, еліміздің қауіпсіздігі мен қорғанысын нығайту, әскери қорғаныс саласында тегеурінді саясат жүргізу, қорғаныс саясатын мемлекеттік реттеу, әскерилердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау т.б. міндеттер жүктелді. Жарлық шыққан 7-мамыр Республикамызда Отан қорғаушылар күні аталып, мерекелер қатарына қосылды. Еліміздің алғашқы Қорғаныс министрі болып Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов тағайындалады, генерал-полковник атағы берілді. Өткен жылы тірі болғанда Сағадат Қожахметұлы 100 жасқа толған болар еді, өкіншке орай ағамыз 2019 жылы дүниеден озды. 2020 жылы ұлы әскери медицина генерал-майоры Талғат артынан кетті. Қызы Айгүл, немерелері қалды. Ұлт мақтанышы Сағадат ағамыздың ғасырлық мерейтойы елімізде кеңінен аталып өтті.

Ғафуржан СҮЙІНДІКОВ,
ардагер энергетик.
Өтеген батыр ауылы.

Тарих

АШАРШЫЛЫҚ – ЗҰЛМАТ ЗАМАН

Қазақстан хронологиясындағы 1930-1933 жылдар қазақ тарихында «Зұлмат заман», «Ұлы нәубет», «Ұлы жұт» деген қара әріппен жазылатын, азалы жылдардың атасы – ашаршылық жылдары еді. Қазақ өлкесінің билігіне 1925 жылы Филипп Исаевич Голощекиннің келуімен қолға алынған іс 1928 жылдың көктемі мен күзінде жүргізілген тәркілеу елдегі ашаршылықтың бастауы болатын.

Тәркілеу, кәмпескелеу желеуімен «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұраны аса қатыгездікпен жүзеге асырылғаны мәлім. 11260 шаруа қожалығы тәркілеуге ұшырап, одан 4,5 миллионға жуық мал алынды (ірі қара мал басы бойынша). Голощекиннің өзі айтқандай, Кеңес үкіметінің алғашқы жоспарлары бұдан екі есе зор болатын. Олар қазақтың малын барынша тәркілеуді көздеді. Байлардың жалпы мал саны әр шаруашылықта 150 бастан аспауы керек еді. Бірақ кейін тәркілеу жоспарына өзгерістер енгізіліп, басқа нормалар белгіленді.

Голощекиннің «Кіші қазан» идеясының аясында жаппай кеңестендіру жүйесін енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Күштеп ұжымдастыру тәсілдері астық, ет дайындау науқанын көп мөлшерде орындау қажеттігіне қарамастан, қазақ көшпелі өмір салтын отырықшыға айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап Қоныстандыру басқармасының әзірлеген шаралары негізінде жүзеге асырыла бастады. Қазақтарды жаппай отырықшыландыру саясаты қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі болып табылатынын айқын байқаймыз. Отырықшыландыру барысында негізінен адамдарды емес, малды «отырықшыландыруға» баса көңіл бөлінді. Сондықтан да алғаш тұрғын үйлер емес, мал қора-

лары салынды. Ф.Голощекиннің логикасы бойынша бұрын өз аяғымен еркін жайылған малды қораларда қамап ұстаған жағдайда көшпелі немесе жартылай көшпелі қазақ шаруасы амалсыздан мал қораларының жанына қоныстануға, яғни отырықшылануға мәжбүр болатын еді. Бірақ мұндай әрекет дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп қана қоймай, малдың арасында жұқпалы аурулардың жандана түсуіне жол ашты. Ветеринарлық көмек әлі жолға қойылмаған ауыл шаруашылығында мұның өзі малдың ғана емес, халықтың да әртүрлі ауру-сырқауға шалдығуын күшейтіп жіберді.Тарихи деректерге сүйенсек, сол жылдары қазақ даласында 40 миллион бас мал болса, 1930 жылдарда 4 миллиондай мал қалған. Бұл қазақ халқының аштыққа ұшырап, жаппай қырылуына әкелген, тарихта «голодомор» деген атпен қалған қасірет болатын. Отырықшыландырумен қатар жүргізілген ұжымдастыру саясаты, өкіметтің индустрияландыруды жеделдету науқандары да халықтың ресурстарын тонап, азық-түлік тапшылығына әкелді. Миллиондаған



адамдар азық-түлік тапшылығы мен ашаршылыққа ұшырады. Құрбандар саны туралы ресми деректер әртүрлі, бірақ болжам бойынша бірнеше жүз мыңнан бірнеше миллионға дейін жетеді. Ашаршылық әртүрлі аурулар мен індеттердің таралуына әкелді. Дұрыс тамақтанбау және гигиенаны сақтамау іш сүзегі, дизентерия және тұмау сияқты жұқпалы аурулардың таралуына оңтайлы жағдай жасады. Ашыққан халық аман қалу үшін тіпті елін тастап, Қытай, Ауған-

стан, Иранға бас сауғалай бастады. Патшалық Ресейдің екі ғасыр бойы іске асыра алмағанын сегіз-ақ жыл ішінде жүзеге асырды. Демографтардың нақты деректеріне сүйенсек, 20-30 жылдардың ойраны анау «ақтабан шұбырындыны» екі арап алардай тым алапат...

Алматы облысының мемлекеттік архивінде сақталған құжаттардан зұлмат заманнан сыр шертетін небір құнды деректерді кездестіруге болады. Мысалы, № 685 қордың 6 тізімдемесі, № 12 істің 17-18 беттерінде ашыққан қа-

Жанар ТІЛЕУОВА,
қойма менгерушісі.

Сахна өнері

Сахнада - «АЛҒА ӘЖЕЛЕРІ»

Сахна-халықтың жүрегіне жол табатын, өнер мен рухтың тоғысар қасиетті мекені. Ол- тек ән мен күйдің емес, тарих пен тағылымның, салт пен санның көрініс табар орны. Ұлттық болмысымызды, рухани байлығымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің бірегей жолы да-сахна өнері. Әсіресе соңғы жылдары ел ішінде халықтық өнерді насихаттайтын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін әжелер ансамбльдерінің көбеюі-үлкен қуаныш. Олар өмірлік тәжірибесі мол, өнеге мен тәрбиенің шырағын жаққан аналар қауымы ретінде сахнадан да шын жүректен шыққан өнерімен елдің ықыласына бөленіп жүр.



Осындай өнерге, дәстүрге, әнге деген сүйіспеншіліктен туған шығармашылық ұжымның бірі-Еңбекшіқазақ ауданы Алға ауылында құрылған «Алға әжелері» ансамблі.Бұл ұжымның негізі қаланғанына бір жыл болған көрінеді. Ауылдың белсенді, өнерсүйгіш зейнеткер әйелдері бірігіп, туған жердің мәдени өміріне өз үлестерін қосуға бел байлаған екен. Ол жөнінде осы ансамбльдің дүниеге келуінде ұйымдастырушылық іспен көзге көрінген Тоты Ынтықбаева былай деп еске алады:

- Қазір жер жерде әжелер ансамбльдері құрылып жатқаны анық. Бізге де ауылдың мәдениетін көтеруіміз керек болды. Осы мақсатпен былтыр наурыз айында құрылды.

Зейнетке шыққан соң қоғамға керек болмай қалатынымыз жасырын емес. Мүмкіндік болса соның орнын толтырайық деген ой болып, зейнет жасындағы замандастарымызды жинап, ақылдастық. Ақылдастық та осындай ансамбль құру жөнінде бір шешімге келдік.

Ансамбль құру-айтуға ғана оңай дүние. Оның сахналық киімдерінен бастап жүріп тұруы секілді проблемалары жоқ емес. Алғаш қаржылай демеушілік көмекті өзіміздің балаларымыздан алдық. Олар әлі де көмек беруге әзір. Соның арқасында өзімізге түрлі костюмдер алуға мүмкіндігіміз бар.

Одан басқа демеушілеріміз де жоқ емес. Солардың ішінен ерекше атап өтер азаматымыз, аудандық мәслихаттың депутаты Серік Дүйсебайұлы. Одан бөлек, ақша сұрап, елге алақан жаймас үшін өзіміз зейнетімізден қаржы бөліп, арнайы қор аштық. Керек дүниемізге қаржыны содан алатын боламыз.

Бір жыл бұрынғы жасаған қадамымыздың нәтижесі болғанына қуанамыз. Репертуарымызда негізінен халық әндері мен ұлы композиторларымыздың шығармалары бар.

Ансамбль деген атымыз болған соң ауылдың, мектептің іс-шараларына қатысамыз. Бір жыл ішінде жеткен жетістігіміз де жоқ

емес. Былтыр маусым айында «Кел, шырқайық!» телемарафонына қатыстық. Ол жерге әнімізбен қатар ұлттық тағам дайындап бардық. Ұлттық қолөнерімізді де көрсеттік. Сол жерде ұмытылып қалған «Қымыз мұрындық» тойын да көрсете алдық. Сол жердегі жеткен жетістігіміз ары қарай жылжуға үлкен рухани демеу берді.

Ансамбль мүшелерінің ең үлкен жасы сексен екіде болса, соңымыз-алпыстан аттағандармыз. Бірақ жас келді деп отыра алмаймыз. Болашақта ансамбльге жас әншілерді тартамыз деген ой бар.

Жалпы ансамбль жетекшісінің бізге айтқан сыры осындай. Кештің өту барысына оралайық. Ансамбльдің құрылғанына бір жыл толуына орай Алға ауылындағы орта мектептің акт залында шығармашылық есеп беру кеші өтті. Әжелердің әсерлі әндері, ұлттық нақыштағы киім үлгілері көрерменнің зор ықыласына бөленді.

Құрылғанына бір жыл толуына орай есеп беру концертін ұйымдастырған бұл ұжымның өнерін тамашалауға «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалына қарасты Еңбекшіқазақ аудандық кеңесінің төрағасы Тілеулес Ұзақов, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының депутаттары Серік Надырбаев пен Ерболат Түкев, Бәйтерек селолық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Осман Абибов, Алға ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы Мақсат Нақысбеков, Бәйтерек селолық округі аналар кеңесінің төрайымы Ұлжалғас Толқынбаева, Бәйтерек ауылдық округі әкімі аппаратының бас және жетекші мамандары, осы ауылдағы орта мектеп директоры Айнара Ұзақбаева, ауыл тұрғындары келді.

Шара ансамбль мүшелерін сахна төріне шақырудан басталды. Одан кейін сахна төріне шыққан «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, Алға ауылының әжесі, ардагер ұстаз Күлімжан

Мұқашева ансамбль мүшелерін құттықтап, сахна сандақтарының шығармашылық жұмыстарына сәттілік пен табыс тіледі. Табыс тілеп қана қойған жоқ, ансамбль мүшелеріне облыстық ардагерлер ұйымының Алғыс хаттарын тапсырды.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалына қарасты Еңбекшіқазақ аудандық кеңесінің төрағасы Тілеулес Ұзақов та шарадан шет қалмай ансамбль мүшелеріне өз сый-сыяпатын берді.

Есепті концертке өзіндік дайындықтармен келген ансамбль мүшелері орындаған халық әндері мен Ұлы Отан соғысы жылдары тақырыбындағы айтқан әндері көп болды. Осы шараның қонағы болған «Дос-Мұқасан» ансамблінің әншісі Айбек Мұхамедәлі көпшілікке екі-үш ән орындап, музыкалық сый сыяпатын жасады.

Тоты Ынтықбаева ханым айтқандай, ансамбль әжелері-жәй ғана ән салып қоймай, елге, жастарға тәрбие, рухани азық сыйлап жүрген жандар. Олар әрбір әнімен ұлт тарихын, ана тілінің құндылығын, салт-дәстүрдің асыл мұрасын насихаттап жүр. Бұл ансамбль-ауыл мәдениетінің жанды көрінісі, ұрпақ сабақтастығының жпркын үлгісі. Олар-өнердің мәңгілік екенін дәлелдеген аналар тобы. Олар арқылы жастар үлкенге құрмет көрсетуді, ел мен жерге сүйіспеншілікті, ата-баба мұрасын қадірлеуді үйреніп келеді. Мұндай ансамбльдер тек ауылдың рухани өмірін байытып қана қоймай, ұлттық өнерді жаңғыртып, халықтың жүрегіне шуақ шашып келеді. Әңгіме соңында бұл топқа келер жылдары да шығармашылықтары өрлей берсін деп тілек айтамыз.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.

Алға ауылы.

Еңбекшіқазақ ауданы.



Еске алу

Тау тұлғалы азамат еді

Ардагер ұстаз, «Платон» Халықаралық білім дамыту орталығының «Үздік директор» номинациясының иегері, республикалық «Өрлеу» Білім-Ғылым технология порталының «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісінің және Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгінің иесі Қызайбеков Исабектің өмірден өткеніне де төрт жылдан асып барады екен.

Қызайбеков Исабек - Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалағаш ауылының азаматы. «Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала» дегендей, оқу ағарту саласында тер төккен апталдай азаматты елі ұмыта қойған жоқ. Қайта құру кезеңінде ұлт болып ұйысу, өзге ұлттарға құрметпен қарай отырып, тату тірлік үшін күрескен И Қызайбеков жайлы ел аузынан естігенде бір маркайып қаламыз.

Ол 1978 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Студент кезінен-ақ ұйымдастыру қабилеті мен қатар әншілік, актерлық талантымен көзге ілінеді. Студенттер кеңесінің төрағасы болып сайланып, тарих факультетінің деканат мүшелігіне өтті. Институт қабырғасында кино және театр маманы Тұңғышбай Жаманқұлов басқаратын драма үйірмесіне қатысып, «Студент көктемі-78» байқауына қатысып, бас бәйгені жеңіп алады. М. Әуезов атындағы драма театрдан шақырту алып, актер әрі студент болып қабылданды. Театр сахнасында батырлар мен билердің ролін сомдап, таныла басталды.

Өттең арқа сүйер бауыры қайтыс болып, анасы үшін бәрін тастап, тау етегіндегі Жалағаш ауылынан жаңа өмір бастады. 1979 жылдың қоңыр күзінен академик Ақай Нүсіпбеков атындағы орта мектепте тарихшы мамандығы бойынша қызметке кірісті. Мектеп жанында малшылардың балалары үшін ашылған



интернатта тәрбиеші қызметін қоса атқарып, ауыл балаларының бос уақытында мәнерлеп оқу өнері мен домбыра үйірмесін ашты. «Жас қанат» домбырашылар үйірмесі өмірге осылай келіп еді. 1981 жылы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. 1982 – 1990 жылдар аралығында жаз мезгілінде тау қойнауындағы Кеген аудандық Қарабұлақ пионер лагерінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1991 – 1994 жылдар аралығында Қарабұлақ елді мекені орталау мектебінің директоры қызметін атқарып, оқушы санының артуы және ауыл тұрғындарының өтінішімен он жылдық мектеп салу идеясы қолға алды. Ауыл ортасында жарқыраған, еңселі мектептің ашылуын өткізіп, қоңырау соғылып, оқушылар қабылдады.

1994 жылы отбасылық жағдайға

байланысты Алматы облысы, Іле ауданы, Жәпек батыр ауылына қоныс аударды. 2004 жылға дейін №4 орта мектепте тарих пәні мұғалімі болып қызмет атқарып, талай жастың көкірек көзін оятып, олимпиада жүлдегерлерін дайындады. Педұжымның ұйытқысы болды. №4 орта мектептің оқу-тәрбие жұмысының жандануына және оқушылардың сабақ оқуға деген ықыласын арттырып, әр түрлі танымдық іс-шаралар өткізіп, мектеп басшылары Төлеген Хамитов ағай, орынбасарлары Зүбайда Көпжасарова, Роза Баялиқызы, Гүлжахан Бесбайқызының ризалығына бөленетін.

Директорлық қызметте жаңашыл идеяларды өзі қолданып көріп, нәтижесін көрсе ұжымға үйрететін. Жаңа буын оқулықтарын оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, оқыту қажеттігі туындағанда тәжірибиег п.ғ.д. профессор Жауынбай Амантұрлыұлы Қараевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясымен жұмыс жасады. Аудандық, облыстық семинарлар өткізіп, тәжірибие алмасты.

2004-2016 оқу жылдары Ащыбұлақ орта мектебінің директорлық қызметін абыроймен атқарды. 2016 жылы Жәпек батыр ауылындағы жаңадан салынған №36 мектепке директор болып тағайындалды.

Жаңа қазақ мектебіне Исекең аш қасқырдай жұмысқа кірісіп еді. Оқушылардың оқуын дараландыру, білімдерін бақылауды сатылап ұйымдастыру жағына мән берді. Жаңа интерактивтік технологияларды оқу процесіне енгізіп, әр

мұғалімнің жетістікке жеткенін қадағалайтын. Түрлі ғылыми жобалар қорғатып, оқушылардың бойынан қалыптасып келе жатқан тұлғалық қабілетін ерекше бағалайтын. Жаңа мектептің табалдырығын аттаған алғашқы мектеп бітірушілердің он жетісі грант иеленіп, ауданда көп бастаған мектептердің қатарында болды. Мектептен арнайы бір кабинеттен мұражай ашты. Ауылға еңбегі сіңген еңбек адамдары, ауылдан шыққан өнер, ғылым қайраткерлеріне арнайы стенд шығартты. Ауылдың Жәпек батыр атануына сіңірген еңбегі бір төбе. Жәпек батыр туралы архив материалдарын ақтарып, тарихшы институт мамандарымен ақылдасып, тарихи жырларды тесіліп оқып, көне көздерден сұрастырып, еш жерде жарық көрмеген тарихи материалдарды тапты, төрт айға жуық уақыты Жәпек батырды зерттеуге кетіп еді. Сол зерттеудің жемісі Жәпек батырдың үлкен портреті мұражайдың төрінде тарихы теріліп жазылып орын алды. Исабек Қызайбековтың еңбе-

гі бағаланды. Ащыбұлақ аймағындағы іс-шаралар Исекеңсіз өтпейтін. Ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, «Құрметті ұстаз» төсбелгісімен, аудан әкімі Н. Логотовтың қолынан «Отан патриоты» медалімен, «Дарынды ұстаз» медалімен, Халықаралық білім дамыту орталығының директорлар байқауына қатысып, «Үздік директор» медалін кеудесіне тақты Сол уақыттағы Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың алғыс хатымен, облыстық «Өрлеу» білім беру орталығының алғыс хаттары - еңбегінің жемісі. Облыс әкімі А.Батталовтың қолынан алған Ы. Алтынсарин атындағы медалы кеудесінде жарқырайтын.

Зейнеткерлік демалысқа шықса да бос отыра алмайтын. Менеджерлік қабілетімен Ащыбұлақ ардагерлер кеңесінің жұмысын қолға алды. Ел ішіндегі дау – шараларды бише шешіп, татуластырып жіберетін. Қайырымдылық жұмысын жиі ұйымдастыратын. Ауыл тазалығы, әр үйдің ауласын қоғалдандыру жұмысы мен бос жатқан жерге көкөніс ектіріп, балаларға баптауды тапсырып тексеріп жүретін. Жол мәселесі жоспарға еңбей қалыпты деп, зыр жүгіріп, жоғары жақтың құлағына жеткізді. Күзге қарай тақтайдай жол төселіп, ел қызығын көріп, алғысын жаудырды. Қазыналы қарттардың ортасында отырып, шаңырақ көтерген жастар ардагерлер үйіне келіп, ақ батасын алып, мешітке қарай кететін. Мақтанды сүйейтін Исекем 2021 жылы жүрек кеселінен мәңгілік сапарға сапарға аттанды. Амал бар ма? Төбемізден жай түскендей болды. Артында атқарған істері қалды...

Гүлнар ЖАЙЛАУБАЕВА,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері.



МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы — ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі — мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу — біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау — өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз.

Қазақстан - көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық келісім өзара жарасымын тапқан, тату еліміз. Алайда, қазақ тілі әр қазақтың ар - ожданы, мақтанышына айналуы тиіс. Осы орайда Бауыржан Момышұлының «анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту - бүкіл ата - бабамызды, тарихымызды ұмыту» - деген сөзді әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміздің жағдайы дәл қазіргі қалпынан әлдеқайда жоғары деңгейде болар еді.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі - ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да - тіл. Ол қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл - ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры баршамыздың қолымызда.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілін дамыту, оның қолдану аясын кеңейту, дамуы мен жетілуіне жан-жақты қамқор жасау-бүгінгі күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру-бәрімізге ортақ міндет.

Ендеше, Президентіміздің салиқалы саясатымен еліміздің бо-

лашағы да, тіліміздің болашағы да өркендей береді деп сенеміз.

Қазақ тілі қазақ халқының ғана емес, Қазақстан мемлекетінің тіліне айналатын, мәртебесі мен мерейі үстем болатын күн туды.

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстандағы мемлекеттік тілді дамыту және қолдау нәтижелері қандай деңгейде екенін айқындайтын басты көрсеткіш — бұл шынайы қоғамдық орта, қоғамдық ортаның мүддесі мен рухани саналы көзқарасы. Қоғамдық ортадағы мемлекеттік тілдің қолданылуы тілдік ортаның нығайымен күшейеді. Ал қазақ тіліндегі қоғамдық ортаны қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар білім беру, мәдениет БАҚ жүйесі мен мемлекеттік тілде іс қағаздарының жүргізілуін қадағалайтын әрбір мекемедегі тіл дамыту бөлімдері мен департаменттері, т.б. институттар мен қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік биліктің тікелей өзі болып табылады. Мерзімді және электронды БАҚ жүйесіндегі мемлекеттік тілді дамыту іс-шараларының нәтижесі бойынша қазақтілді ортаның өсу динамикасы жылдан жылға артып келеді,

Ең бастысы бүгінгі күні рухани сананы ояту күресі жеңіске жетті. Яғни бүгінгі таңда көпұлтты барша қазақстандықтар мемлекеттік тіл қазақ тілі екенін шынайы рухани тұрғыдан мойындап, оны құрметтеуге бет бұрды, тіпті өзге ұлт

арасындағы азаматтар арасында қазақ тілін үйренуге талпыныс күшейді.

Өрине, бұл қозғалыс мемлекеттік тілді дамыту стратегиясының орындалу мерзімімен жүргізіліп келеді.

Бірақ еліміз үшін осы қадамға жету тіл саясатындағы толеранттылық, сабырлылық күшіменен жүзеге асты.

Өрине, ұлтжанды тіл жанашыр-

келеді. Олай болса мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін анықтау, мемлекеттік тілге мұқтаж етуші немесе мұқтаж етпеуші факторларды тану негізінен БАҚ жүйесінде айқын көрінетіні сөзсіз.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен оның қолданылу аясы-елімізде ұдайы назар аударылып отырған мәселе. Тіл - бұл тек қана араласу құралы емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің, дәстүрдің және



лары мемлекеттік тілдің туын көтеру үшін жан айқайын салып, түбегейлі қазақтілді қоғамдық ортаны қалыптастырудың саяси да, рухани да, заңдық жолдарын көрсетіп, тіпті өзге мемлекеттердің онтайлы тәжірибелерін негізге алып, қоғамдағы тілдік ортаны күрт өзгеріп, отансүйгіштік басым бола бастады.

Демек, Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытуға байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстар қоғамның талап-тілегін уақытында өтеуге қызмет оның жетістіктері көрініп

тарихтың бір бөлігі. Сондықтан мемлекеттік тілдің дамуына және оның барлық салаларда қолданылуына қоғамның назарын аудару өте маңызды.

Мемлекеттік тіл саясатының маңызды мақсаттарының бірі - бүкіл қоғамға қазақ тілінің мәртебесін насихаттау және оның пайдалану аясын кеңейту. Осы орайда, баспасөз және ақпарат құралдарының рөлі ерекше маңызды. Қазіргі кезде БАҚ-тың көмегімен қазақ тілінің мәдени және әлеуметтік маңызын арттыру жұмыстары

жандануда. Телевизия, радио, газет және интернет сияқты медиа құралдары арқылы қазақ тілінде жүргізілетін науқандар, арнайы хабарлар мен сұхбаттар қоғамның назарын мемлекеттік тіл мәселелеріне аудартып, тілдік сана-сезімді оятуға ықпал ете алды. Бұл арқылы қоғамның барлық топтарының назары мемлекеттік тіл мәселесіне аударылады. Қазақ тілінде берілетін бағдарламалардың, жаңалықтардың және мазмұнның артуы тілдің дамуына және кеңірек қолданылуына оң әсерін тигізеді.

Қазақ тілінің медиа ортасындағы жаңғыруы мен жаңа бағыттары өзгеше маңыздылыққа ие. Бүгінгі күні әлеуметтік желілер мен блогерлер, қазақ тілінде контент жасап, таратуы тілдің жастар арасындағы беделін арттыруда үлкен рөл атқарып отыр. Бұл жаңа буынды қазақ тілінде сөйлеуге және тілдің дамуына белсенді қатысуға шақырады. Аудио контенттің бұрын-соңды болмаған деңгейде өсуі кең таралуына және танымал болуына ықпал етті. Аудио кітаптар мен подкасттар қазақ тілінде білім алуды, мәдениетті зерттеуді және күнделікті тіршіліктегі тыңдалымдарды жеңілдетеді.

Бүгінгі күні егемен ел ретінде әлем мойындаған Қазақстанға деген қызығушылық артып, өркениеттің материалдық ғана емес, рухани құндылықтарымызды да танып-білуге деген ынта-ықыласы тереңдей түсуде.

Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, ай-жұлдызымыз оңынан туып тұрған шақта осы рухани құндылықтарымыздың қайнар бұлағы - қазақ тілінің қадір-қасиетін өзгеден бұрын өзіміз жете түсінуіміз қажет.

Санат ЕРБОЛАТҰЛЫ,
Іле ауданы мәслихат аппаратының бас маманы.

Спорт

Қонаев қаласында Д.Қонаев атындағы орта мектептің алаңында «Әкелер күніне» орай, «Ұрпақ үндестігі-ұлттық ойында» атты тоғызқұмалақтан турнир болып өтті. Сайыстың ашылу салтанатына Қазақстан халқы Ассамблеясы Алматы облысы филиалы төрағасының қоғамдық орынбасары және Алматы облысының ақсақалдар кеңесінің төрағасы Амангелді Беспаев, Ассамблеяның Қонаев қалалық филиалының ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бақытбек Давлетов, Алматы облысының бас имамы Мадияр Пірімқұлов, Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, «Ұйғыр этномәдени орталығының» төрағасы Рисалият Нуранова, «Аналар кеңесінің» төрағасы Дәметкен Нүсіпбекова, мектеп оқушылары және ата-аналар қатысты.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТАҚТАЙШАСЫНДА ТАРТЫСТЫ



Жарысқа қатысушылар балалар, жасөспірімдер және ересектер болып үш топқа бөлініп ойнады. Турнир аса қызықты әрі тартымды өтті.

-Тоғызқұмалақ-интеллектуалдық ойын. Бұрын тоғызқұмалақты жастардың басым көпшілігі біле қоймайтын, ал қазір мектеп оқышыларының тоғызқұмалаққа деген қызығушылығын осы жарыс барысында өздеріңіз де байқаған боларсыздар. Тоғызқұмалақ математикалық ойлауға, есептеу қабілеттерін дамытуға зор

ықпал етеді. Сонымен бірге адамға сабырлылықты, қайсарлықты, тәуекелшілдікті, шыдамдылықты, әрқашан да дұрыс шешім қабылдауды және мақсатқа жетуді үйретеді,-деді Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының спорт бөлімінің жетекшісі Орынбай Тойлыбеков.

Сайыс қорытындысы бойынша жас ерекшеліктеріне сай жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздарға медальдар мен кубоктар және Алғыс хаттар табысталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы демеушілерінің атынан барлық қатысушыларға және мектеп жанындағы лагерь оқушыларына балмұздақ таратылды.

Өз тілшіміз.

Жергілікті өзін өзі басқару

Қоғамдастық құрылды



Ащыбұлақ ауылдық округінің орталығы М.Түймебаев ауылындағы №19 орта мектептің мәжіліс залында жалпы тұрғындардың қатысуымен жиналыс өтті. Күн тәртібінде Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы заңның 39-7 бабын басшылыққа ала отырып жергілікті өзін-өзі басқару қауымдастығын құру болды. Жиналыс округ әкімі Қасымбеков Бахтияр Кеңесұлының төралығымен өтті.

Сөз кезегінде Бахтияр Кеңесұлы қатысушыларды жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттегі белгілі бір әкімшілік-аумақтық тұрғындарының және оның сайланбалы органдарының жергілікті істерді басқару жөніндегі дербес қызметі туралы ережелермен таныстыра отырып көпшіліктің сұрақтарына жауап берді.

Келесі кезекте тікелей дауыс беру нәтижесінде қоғамдастықтың 25 мүшесі сайланып бекітілді, ал төрағалығына бірнеше үміткердің арасында көп дауысқа ие болған Ералы Оналбаев сайланды. Ал хатшысы болып Санат Сүлейменқұлов сайланды.

Ералы Базтайұлы-ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі, округімізге белгілі зейнеткер азамат. Санат Асанұлы да-ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі жеке кәсіпкер.

Сөз сөйлеушілер қоғамдастық мүшелеріне өз ұсыныстары мен тілектерін жолдап, жұмыстарына сәттілік тіледі. Міне, осылай жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті тұрғындардың өздері шешуін қамтамасыз ететін қауымдастықтың тұсауы кесілді.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы. Іле ауданы.